



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы

Л.Сарманова

« » 2022жыл

№39 «Қызылөзек» орта мектеп кітапханасының оқырмандарды тарту және кітап оқуды насихаттау жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындалу мерзімі
1	«Бір ел бір кітап» республикалық акциясын ұйымдастыру және өткізу	республикалық акция	Кітапханашы, Сынып жетекшілер, тәлімгер	тұрақты
2	Оқырмандар арасында «Саябақтағы кітап»	акция	Кітапханашы, Сынып жетекшілер, тәлімгер	тұрақты
3	«Кітапхана керуені» жобасын шалғай ауылдарда жүргізу	Кітапхана керуені	Кітапханашы, Сынып жетекшілер, тәлімгер	2022, қыркүйек
4	«Әлемді танытқан алты нүкте» жобасы аясында кітап шығару	Кітапшалар шығару	Кітапханашы, Сынып жетекшілер, тәлімгер	2022 мамыр
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру	МсМ-ге ақпарат	Кітапханашы, Сынып жетекшілер, тәлімгер	2022
6	Бұқаралық ақпарат құралдарында балаларды	БАҚ –да материалдар жариялау	Кітапханашы, Сынып жетекшілер.	2022

	кітап оқуға дәріптеу		әкімшілігі	
7	Балалар оқуы мен әдебиетіне арналған интернет –сайттар, әлеуметтік желідегі аккаунттарды құру және сүйемелдеу , әдеби және оқырман акцияларын өткізу	БАҚ –да материалдар жариялау	Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі, қала мектептерінің әкімшілігі	2022
8	Кітапхана қызметкерлерінің ,оның ішінде жас кітапханашылардың жыл сайынғы қалалық байқауын ұйымдастыру .	Қалалық байқау	Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі	2022
9	Отбасында оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Үздік оқырман отбасы» байқауын ұйымдастыру .	Қалалық байқау	Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі	2021
10	«Кітап менің өмірімде » жылдың үздік оқырманының байқауы	Қалалық байқау	Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі	2021

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары

МАҚСАТЫ:

- Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;

2. Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;
3. Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: 1.Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру.Оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді, ертегілерді оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады, ертегі туралы шағын әңгіме жазады.

1. Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.
2. Орта буын сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын,оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.
3. Жоғарғы сынып оқушыларын әдеби - классик жазушылардың шығармаларын оқуға тату, оқыған кітабын жарнамалауға,насихаттауға дағдыландыру.

1-БАҒЫТ. «БАРЛЫҚ ПӘНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУ»

МАҚСАТЫ: Оқушыларды кітап оқуға , оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, маңызын ашу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: Оқушылардың оқу дағдысын, сауаттылығын қалыптастыру. Ертегіні оқи отырып қиялдайды, ертегі туралы шағын әңгіме жазып келеді, сурет салады, ермексизден ертегі кейіпкерлерін бейнелеп береді.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушыларына үзіліс кезінде бір мезетте ертегілер ұйымдастыру.	Оқу марафоны	1,4 сыныптар 1-аусым.		
			2,3сыныптар 2-аусым		

2-бағыт. «Еркін оқу кеңістігі» (20 минут оқыда, 3-минут эссе жаз)

Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру. Кітап оқуға басшылық жасау.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру. Тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	Кел, бірге оқиық! «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» кітап оқу	Кітап оқу акциясы	5,6,7,8,9,10,11 сыныптар	Бейсенбі Апта	

	акциясы (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқуы)		1-аусым	сайын	
			5,6,7,8,9,10,11 сыныптар	Бейсенбі	
			2-аусым	Апта сайын	

«Кітаппен өткен демалыс күнім қызық» марафон.

Мақсаты: Жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының озық көркем шығармаларын насихаттау, каникул уақытында бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлердің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
	«Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты»	Күгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезінде қашықтан кітап оқу	1-11 сыныптар	Әр айдың соңғы бейсенбі күні.	Жыл бойы

«Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing

Мақсаты: Мектеп кітапханаларының қорын заманауи кітаптармен толықтыру.

Күтілетін нәтиже: Кітапхана фойесіндегі кітап сөресінде көркем әдебиеттер жинақталады. Әр оқушы өзіне ұнаған кітабын сөреден алып оқиды. Әр оқыған оқырман өзінің оқыған кітабын жарнамалайды.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
	«Оқы және өзгеге сыйла»	Bookcrossing	1-11 сыныптар 1-аусым	Жыл бойы	10:15-10:25
			1-11 сыныптар 2-аусым	Жыл бойы	15:25-15:35

3-бағыт. «Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту» (Бір сынып-бір кітап) флешмоб

Мақсаты: Әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқу. Кітап оқуға басшылық жасау.

Күтілетін нәтиже: Білім алушылардың сыныбымен таңдап алған кітаптарын түгел оқуға шақыру. Сыныппен оқыған кітаптарын, кітап кейіпкерлері болып жарнамалау.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
	«Бір сынып-бір кітап»	Флешмоб	1-11 сыныптар	Әр айдың соңғы бейсенбі күні.	Жыл бойы

«Әдеби Ақжайық» жобасы.

Мақсаты: Жерлес ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау. Оқу мәдениетін дамыту және қолдау, кітап оқу мәдениетін жетілдіру. Кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру, елжандылыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: Ақжайық өңірінің ақын-жазушыларының шығармаларын сүйетін, дәріптейтін тұлға тәрбиеленеді.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
	«Әдеби Ақжайық»	Жоба	5-11 сыныптар	Жыл бойы	10:15-10:25

4-бағыт «Отбасылық оқудың дәстүрлері»

Мақсаты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Отбасымен бірге кітап оқу. Кейіпкерлердің суретін салу. Ынталандыру (сыйлық беру)

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Бір отбасы-бір кітап»	Акция	1-11 сыныптар	Жыл бойы	10:25-10:35

«Оқырман отбасы» онлайн байқау.

Мақсаты: Отбасы оқуларын қолдау және жаңғырту бағытындағы өскелең ұрпақты оқу мәдениетіне тәрбиелеу. Оқушылармен ата-аналарды кітап оқуға тарту.

Күтілетін нәтиже: Отбасымен Тәуелсіздіктің 30-жылдығына «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында тандалған 30 шығармаларын оқу. Оқыған кітаптары бойынша жоба қорғайды.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Ақжайық өңірінің оқырман отбасы»	Байқау	1-11 сыныптар		10:25-10:35

5-бағыт. «Оқу уақыты» (Өзін оқып, өзгеге ұсын) READx book жобасы.

Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітап оқуды насихаттау.

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Өзін оқып, өзгеге ұсын»	READx book	1-11 сыныптар 1-аусым	Жыл бойы	10:25-10:35
			1-11 сыныптар 2-аусым	Жыл бойы	15:25-15:35

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директорының міндетін
уақытша атқарушы

Д.Сарманова

2021-2022 оқу жылына арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасының жұмыс жоспары

Мақсаты:

1. Еліміздегі кітапханалар ахуалы мен жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру
2. Кітап оқу мәдениетін насихаттау және кітап оқуды әдетке айналдыру
3. Барлық санаттағы жастардың ақпараттық қажеттіліктерін жедел қанаттандыру үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдаланып, кітапханалардың жаңа заманауи үлгісін құру болып табылады

Міндеті:

- Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу
- Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету
- Пән мұғалімдерімен, тәрбиешілер, кураторлармен тығыз байланыста болу
- Сабақтан тыс уақытта оқырмандардың кітап оқуын, түрлі тәрбие сағаттарын, оқырмандар конференциялары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру

Бағыты:

1. Мектеп кітапханаларының кітап қорын көркем әдебиетпен толықтыру
2. Электронды медиатека қорын ұйымдастыру

2021-2022 оқу жылында мектеп кітапханаларында өткізілетін іс-шаралардың тізімі

р/с	Жұмыс бағыты	Жұмыс мазмұны	Формасы	Мерзімі	Жауаптылар	Нәтижесі
1	Мектеп кітапхана жұмысының жылдық жоспары	Мектеп кітапханаларының 2020-2021 оқу жылдарына арналған жылдық жоспарын бекіту		Қыркүйек	Облыстық білім басқармасы Мектеп кітапханашылары	Жоспар бекітіледі
		Медиатекажүйесін қалыпт астыру		Қаңтар	Облыстық білім басқармасы Мектеп кітапханашылары	«Медиатека» жүйесі қалыптастырады
		Электронды ресурстарды жинақтау (қызықты сайттарға, парақтараға, беттерге т.б сілтеме жасау)		Жыл бойына	Облыстық білім басқармасы Мектеп кітапханашылары Мектептің жүйе техниктері	Электронды ресурстар жинақталады
		Интернет желісін пайдалануда тегін WI-FI қызметін ұсыну		Жыл бойына	Мектеп кітапханашылары	WI-FI қызметі тегін ұсынылады
Өткізілетін іс – шаралар тізімі						
1	Тәрбиеге байланысты іс-шаралар	Кітапханаға кітап сыйла	Кітап сыйлау акциясы	Жыл бойына	Мектептің барлық педагог қызметкерлері Оқушылары кітапханашылары	Акция барысында кітап қорына көркем әдебиетпен толықтырылады
		Тәрбие - тал бесіктен	Кітап көрмесі	Ай сайын	ДТІЖО	Ай сайын тәрбиеге байланысты

		«Астана – ұлтымыздың рухани ордасы»	Виртуалды кітап көрмесі	5 шілде	Кітапханашылар	Виртуалды көрме дайындалып, әлеуметтік желіде жарияланады
	Атаулы және еске алынатын күндерге байланысты өткізілетін іс-шаралар	«Ұлы өрлік-ұрпаққа үлгі!»	Ұлы Жеңіс күніне байланысты ашық кітап көрмесі	7-10 мамыр аралығында	Кітапханашылар	Көрме дайындалып, оқырман назарына ұсынылады
		«Тарихтантағылым-өткенгетазым»	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай танымдық кеш	31-мамыр	Тарих пәнінің мұғалімдері Кітапханашылар	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары туралы мәлімет алады
		«Ауғанның от - жалыны»	Ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылған күніне орай кездесу кеші	15 ақпан	Тарих пәнінің мұғалімдері Кітапханашылар	Ауған соғысына қатысқан ардагерімен кездесіп, өз ойымен бөліседі
	Патриоттық тәрбие беру бағытында өткізілетін іс-шаралар	«Еркін елдің ұланымыз»	Отан і қорғаушылар күніне арналған патриоттық кеш	6 мамыр	АӘД пәнінің мұғалімі Кітапханашылар	
		«Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз»	Сурет байқауы	4 маусым	Кітапханашылар ДТІЖО	Сурет байқауы өткізіліп, онлайн марапатталады
		«Ата заң – азаттықтың айғағы»	Конституция күніне арналған кітап көрмесі	28-30 тамыз аралығы	Кітапханашылар	Көрме дайындалып, библиографиялық шолу жасалады
	Салауатты өмір салтын насихаттау	«Сенің ұзақ жасауын-сенің қолыңда!»	Кездесу кеші	7 сәуір	Мектеп дәрігері мен медбикесі Кітапханашылар	Медицина саласының мамандарымен

	және қалыптастыру					кездесу кеші ұйымдастырылады
		«Ғасыр тажалына тосқауыл – адамзаттың міндеті»	Дөңгелек үстел	Ақпан	Мектеп медбикесі ДТІЖО Кітапханашылар	СПИД ауруы туралы мәлімет алады
Қазақстан ақын-жазушыларының әдебиеттерін насихаттау		"Сырдатұғанжаңа Гейне мен болам..." Ә.Тәжібаевтың туған күніне орай	Библиосаяхат	Ақпан	Кітапханашылар Қазақ тілі бірлестігінің мұғалімдері	Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап кітапханасына барып, ақын мұражайымен танысып, кітапхана қызметкерлерімен пікірталас ұйымдас тырылады
		«Халқым деп соққан жүрегі, қазаққа туған ұл еді» Жазушы, ғалым, педагог, психолог Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына күніне орай	Оқырман конференциясы	Желтоқсан	Кітапханашылар Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері	Жазушы, ғалым, педагог, психолог Жүсіпбек Аймауытовтың өмір жолымен танысады
		«Ә.Нұрпейісов адамзат тағдырының жыршысы»	Буктрейлер	22 қазан	Кітапханашылар Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері	Ә.Нұрпейісов тың «Қан мен тер» шығармасына талдау жасалады
		«Ұлылардың ұлағаты» Бейімбет Майлиннің туғанына 125 жыл	Жазушы бенефисі	5 қараша	Кітапханашылар Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері	Б.Майлиннің шығармаларына шолу жасалып, танысады
		Тенңіздей тебіренген талант	TEDxформатындағы әдебиет	16 ақпан	Кітапханашылар Қазақ тілі пәнінің	

		(З.Шүкіровтың туған күніне орай)			мұғалімдері	
	Кітап оқу, оқуды ілгерлету өткізілетін іс-шаралар	«Кітап деген ғажайып әлем»	Танымдық сағат	15 Сәуір	Кітапханашылар Тәрбиешілер	Кітаптың шығу тарихымен танысады
		«Кітап – ғасыр мұрасы» 23 сәуір Дүниежүзілік кітап күні.	Кітапхана жайлы пікірталас	23 сәуір	Кітапханашылар Тәрбиешілер	Кітапхана туралы ойларын ортаға салады
		Кітап – тарих, шежіре	Библиодесант Челендж - конкурс	27 сәуір	Кітапханашылар Тәрбиешілер Кураторлар	Кітаптың шығу тарихымен танысады
		Кітап – сарқылмас рухани әлем	Иллюстративті виртуалды кітап көрме	20 сәуір	Кітапханашылар	Кітап көрмесі дайындалып, шолу жасалады.Әлеуметтік желіде жарияланады
		Мен оқимын, сен де оқы	Кітап оқу акциясы	Жыл бойына	Кітапханашылар	Жыл бойына оқырмандар арасында кітап оқу акциясы жүргізіледі
		Кейіпкер – менің айнама, кітап – айналам!	Библиодесант	Сәуір	Кітапханашылар	
		2020-2021 оқужылында жасалған жұмыстарға есеп беру	Есеп беру	Маусым	Кітапхана меңгерушілері	жылдық жоспар бойынша есеп беріледі



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директорының міндетін
уақытша атқарушы

Л.Сарманова

**2021-2022 оқу жылына арналған «Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқу»
жобасының жұмыс жоспары**

Мақсаты:

- отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту,
- бірлескен шығармашылық арқылы отбасы құндылықтарын нығайту
- кітап оқуды насихаттау арқылы елжандылыққа және өз өлкесінің дәстүрлері және тарихына құрметпен қарауға тарту.

Міндеті:

- Кітап оқу рухани азығы, оқу кеңістігінің аясын кеңейту.
- Отбасымен бірге кітап оқып, кітапқа деген қызығушылығын арттыру.
- Баланың мектепте және отбасында кітап оқуына ықпал жасай отырып, шығармашылық дамуға жетелеу

Оқуға ұсынылатын 50 кітап

1. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»
2. Сәбит Мұқанов. «Аққан жұлдыз»
3. Әбдіжәміл Нұрпеисов. «Қан мен тер»
4. Шерхан Мұртаза. «Қызыл жебе»
5. Мұхтар Мағауин. «Алдаспан»
6. Ілияс Есенберлин. «Көшпенділер»
7. Әлжапар Әбішев. «Найзағай»
8. Зейін Шашкин. «Тоқаш Бокин»
9. Әнуар Әлімжанов. «Ұстаздың оратуы»
10. Тахауи Ахтанов. «Боран»
11. Төлен Әбдіков. «Ақиқат»
12. Дулат Исабеков. «Қарғын»
13. Оралхан Бөкеев. «Қайдасың, қасқа құлыным?»
14. Мұхтар Мағауин. «Көк мұнар»
15. Шоқан Әлімбаев. «Даналық субстанциясы»
16. Марат Қабанбаев. «Қазақ қайда барасың?»
17. Бердібек Сокпақбаев. «Өлгендер қайтып келмейді»
18. Бауыржан Момышұлы. «Үшқан ұя»
19. Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан»
20. Жүсіпбек Аймауытов. «Ақбілек»
21. Смағұл Елубаев. «Ақбоз үй»
22. Қалихан Ысқақов. «Қара орман»
23. Рамазан Токтаров. «Бакыт»
24. Дүкенбай Досжанов. «100 әңгіме»
25. Шерхан Мұртаза. «Ай мен Айша»
26. Сәкен Жүнісов. «Ақан сері»
27. Ақан Нұрманов. «Құланның ажалы»
28. Ғабит Мүсірепов. «Кездеспей кеткен бір бейне»
29. Тұтқабай Иманбеков. «Құт ағашының көлеңкесі»
30. Тынымбай Нұрмағанбетов. «Қауын иісі»
31. Мұхтар Әуезов. «Қараш-қараш»
32. Әбіш Кекілбаев. «Үркер»
33. Әнуар Әлімжанов. «Махамбеттің жебесі»
34. Олжас Сүлейменов. «Аз и Я»
35. Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз»
36. Марат Қабанбаев. «Бақбақ басы толған гүл»
37. Оспанхан Әубәкіров. «Ымды білесің бе?»
38. Әнуар Әлімжанов. «Жаушы»
39. Баққожа Мұқай. «Өмір зая»
40. «Бес ғасыр жырлайды»
41. Асқар Сүлейменов «Бесін»
42. Ілияс Есенберлин. «Алтын орда»
43. Сопы Сматаев. «Елім-ай»
44. Қабдеш Жұмаділов. «соңғы көш»
45. Сейдахмет Бердіқұлов. «Пердесіз көңіл»
46. Шәрбану Құмарова. «Әйел бакыты»
47. Марат Қабанбаев. «Сурет салғым келмейді»
48. Әбдіжәміл Нұрпеисов. «Сен»
49. Зейін Шашкин. «Сенім»
50. Бердібек Сокпақбаев «Балалық шаққа саяхат»

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында оқуға ұсынылған 30 кітап

Поэзия

1. Мұқағали Мақатаев «Өмірдастан».
2. Жүмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным».
3. Ұлықбек Есдәулет «Киіз кітап».
4. Серік Ақсұңқарұлы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы».
5. Тоқтарәлі Таңжарық «Түн парактары».
6. Бақытжан Қанапиянов «Достояние души».

Проза

1. Тынымбай Нұрмағамбетов «Періштелердің өлімі».
2. Тобық Жармағамбетов «Отамалы».
3. Сәуле Досжан «Қасірет пен тағдыр».
4. Юрий Серебрянский «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет».
5. Дәурен Қуат «Бөрісоқпақ».
6. Тұрысбек Сәукетай «Желқайық».

Драматургия

1. Рахымжан Отарбаев «Айна ғұмыр» пьесалар жинағы.
2. Дулат Исабеков «Жеті желкен» пьесалар жинағы.
3. Мәдина Омарова «Көмбе нанның дәмі».
4. Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі» пьесалар жинағы.
5. Думан Рамазан «Пешене» пьесалар жинағы.
6. Сая Қасымбек «Жанталас».

Балалар әдебиеті

1. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар».
2. Бердібек Соқпақбаев «Жекпе-жек».
3. Марат Қабанбаев «Жиһангез Тити».
4. Толымбек Әбдірайым «Алабұға аулаған күн».
5. Зира Наурызбаева, Ляля Калаус «Алтын тостағанды іздеу».
6. Мәди Айымбетов «Бар болғаны он төрт жас».

Аударма

1. Юсупов Кеңес, Габриель Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық».
2. Әдетов Бекболат, Эрих Мария Ремарк «Аманат өмір».
3. Ахметов Әділ, Агата Кристи «Ғайып болған миллион».
4. Меллат Төлеген, Халид Хусейн «Жарқыраған мың күн».
5. Мәзен Динара, Ж.К. Роулинг «Хэрри Поттер мен жасырын бөлме».
6. Құрметұлы Амангелді, Орхан Памук «Менің атым – Қырмызы».

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

«Сырда туған жана Гейне мен болам »

Ә. Тәжібаевтың туған күніне орай /Библиосаяхат/

Анықтама

Әбділда Тәжібаевтың 113 жылдығына орай 4-ақпан күні мектеп кітапханасында «Сырда туған жаңа Гейне мен болам...» атты библиосаяхат жасалды. Кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Әбділда Тәжібаев туралы мағлұмат беру, дарынды жерлес ақынымыздың өрісті ой,өшпес көркем мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, отаншылдыққа, адамгершілікке, елінің өнерін сүйуге тәрбиелеу, поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрмеге: Сырдария кітапханасы Әбділда Тәжібаевтың 3томдық шығармалар жинағы, Сыр өңірі, Қазыналы Қызылорда, Қазақстан жазушылары атты кітаптары қойылды. «Арманыма қол жеткізген ақын» Несібелі Рахметтің шығармасы./Сыр бойы»,5ақпан.2019жыл. «Сырда туған Сырдың ұлы» атты стенді жасалды.



Библиографиялық шолу

Әбділда Тәжібаев /1909жылы туылған/-ақын,драматург,әдебиет зерттеуші ғалым. Филология ғылымының докторы, профессор,Қазақстан Республикасының халық жазушысы. Оның «Жаңа ырғақ», «Аралдар», «Кешеден бүгінге», «Жартас», «Жаңа өрімдері», «Құрдастар», «Толағай» және 5 томдық жыр жинақтары жарық көрген.Сыр бойы ақын-жазушыларын сөз еткенде ең алдымен ауызға ілігері Әбділда Тәжібаев. «Әбділда Тәжібаев туралы сөз болғанда, -дейді ақын Жұбан Молдағалиев,-екі дария көз алдына келеді. Бірі-Сырдария. Ғасырлар бойы ел мен жерді емізіп, нұр мен нуға ене болып келіп жатқан дария. Екінші дария жыр дариясы. Жыр дариясы ұшы қиырсыз қазақ даласын ғана суарып жатқан жоқ, жер-жердің, ел-елдің поэзия мұхитына құйыа жатыр. Оның аты – Әбділда Тәжібаев». Сыр сүлейлері де, ағалық еткен Аскар мен Қалқаман да оның өнеріне ылғи да қызығып қараған, үлгі тұтқан, үміт артқан. Әбділда Тәжібаевтың тұңғыш жинағы «Жаңа ырғақтан» бастап 60-тан астам жыр кітабын оқырманға ұсынған. Ол- Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық жазушысы, филология ғылымының докторы, профессор, қоғам қайраткері. Ақынның әр жылдарда жарық көрген «Өмір және поэзия», « Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», «Жылдар, ойлар» деген кітаптары мен әдебиеттану ғылымына қатысты зерттеулері әдеби сын саласында да зор еңбек сіңіргенін байқатады. Әбділда Тәжібаев драматургия саласында да лайықты тер төкті. Оның «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көтірілген күмбез», «Жомарттың кілемі», «Дубай Шубаевич», «Той боларда», «Көңілдерестер», «Қыз бен солдат», «Жартас», «Монологтар», «Ақын мен батыр» қойылымдарында тың ізденістер жасалып, өмір шындығы бейнеленді.

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

«Әдебиет танытқыш-әлемдік құндылық»

**Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған
кітап оқушылар конференциясы**

2021-2022 оқу жылы

Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған

«Әдебиет танытқыш-әлемдік құндылық» атты кітап оқушылар конференциясы

Кітап көрмесі: «Ұлттың ұлы ұстазы» Ахмет Байтұрсыновтың портреті.

Дәйек сөздер: «Ахмет Байтұрсынов-ағартушы-ұстаз, тілші, ғалым, аудармашы», «Ахмет Байтұрсынов өз халқын сүйген патриот адам», «Ахмет Байтұрсынов-қазақ тілтану ғылымының атасы», «Ахмет Байтұрсынов-ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы»

Оқушы: Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

Адамдық диқаншысы қырға шықтым;

Көл жоқ, қоғалы жоқ-қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың.

Жүргізуші: Ахмет Байтұрсынұлының осы өлең жолдары оның бүкіл өмірінің эпиграфы іспеттес.

Ол-ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым.

Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған Ұстаз, Халық, Ұстазы.

Ахмет Байтұрсынұлы -қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соныдан із салған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдан 1927-1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының «Әліп-биімен» ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

Ахмет Байтұрсынұлының жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиет тану саласында да айтарлықтай болды деп санаймыз. Өткен ғасырдың II-жартысында ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін

жинап, 1923 ж. «Ер сайын» жырын Москвада шығарады. 1926 ж. «23 жоқтау» атты жинағы жарық көреді. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері.

Жүргізуші: Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі-әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған зерттеу жұмысы.

Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ-ӘЛЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚ

1926 жылы сол кездегі астана Қызылордада беттеліп /әріне, цензурадан да өтіп/, Ташкентте басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» зерттеуі немесе оқу құралы – XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану деңгейін көрсететін іргелі де ізашар еңбек.

Жүргізуші: Бұл маңызды кітап неге Ташкентте жарияланды?

Оқушы: Мырзабекова Ақбота Біріншіден, әріне, типография мәселесіне байланысты. Түркістан автономиясы тұсында осы қалада төтенше кәріппен қазақша бірнеше газет-журнал жарияланып, баспахана толыққанды жұмыс істеп тұрды.

Екіншіден, осы қалада «Киринпрос» негізінде 1926 жылы Қазақ университеті ашылып, 1928 жылы Алматыға көшірілді. Бұл- Ташкенттегі осы оқу орнына қазақ ғылыми-ағартушылық әлеуеті топтасты деген сөз.

Үшіншіден, 1921 жылы А. Байтұрсынұлы Орынборда ашқан Академиялық орталық сынды құрылым және «Талап» мәдениетті көркейтушілер қауымы Ташкентте жұмыс істеп тұрды. Оның басықасында М. Жұмабаев, М. Әуезов т.б. жүрді.

Жүргізуші: Біз «Әдебиет танытқыш» зерттеуінің немесе оқу құралының жазылуы 1921-1922 жылдан басталады деп санаймыз. Себебі, А. Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары

Халық ағарту комиссары министр қызметінде жүріп салалық оқулықтар мен оқу құралдарының жазылуына мұрындық болды.

«Көркем сөз қисыны» немесе «Әдебиет-құрал» емес? Бұл атау /әдебиет танытқыш/ А.Байтұрсынұлының негізгі миссиясынан туындайды. Яки «қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту» дегенге саяды.

Оқушы: Асқар Нұрай Бүгінде біз үшін ұлт өнер тануы мен мәдениет тануының басы болып ұғынылатын «Әдебиет танытқыш» тақыр жерге шыққан жоқ. Оны өмір жүзіне әкелген- адамзаттың ақыл ойы. Ахмет Байтұрсынұлы заманынан озық туған білікті, парасатты тұлға ретінде көркем өнер туралы адамзат ғылымы қисын-ережесімен қазақтың телегей-теңіз рухани мұрасын талдап алды. Ұлт әдебиеті ерекшелігін, сипатын, өрісін көрсете білді. Сол себепті бұл зерттеу-әлемдік құндылық.

Жүргізуші: Біз Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мазмұн жағынан ұлттың көркем өнер ерекшелігін толық аша алғанын айтуға мүдделіміз. Ақан осы еңбек хатқа түсіп жатқан кезеңде ел ақын-жазушыларының басын қосуды жоспарлағанын, бірақ ол объективті-субъективті жағдайға байланысты өтпей қалғанын түсіндіріп «Қалам қайраткерлері жайынан» атты мақала жазды.

Оқушы: Ерболатова Назерке. «Әдебиет танытқыш»-көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыптасуының қоғам тағдыры мен талғамына қатысып, сөздің-өнерге, өнердің –пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиет пен жазу әдебиеттің дара соқпағын, басты жанрлар мен оның ішкі бөліністері қағидаттарын, әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой, әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені.

Жүргізуші: «Әдебиет танытқыш»-бүгінгі әдебиеттануға жол ашқан жанрлық жіктеудің яки бөлудің басында тұрған еңбек.

Оқушы: Алпысбай Ұлман «Әдебиет танытқыш» текстологиясы мен кітапта Ахмет Байтұрсынұлы пайдаланған мәтіндер мен олардың авторлары туралы. Осы тұста ахметтанушыларға әлем тәжірибесінде бар мынандай ой тастағымыз келеді; қазір негізгі қолданыста жүрген нұсқаны «түпнұсқа» деп атамай.; «Әдебиет танытқыштың» Қызылорда-Ташкент нұсқасы деу қисынды. Өйткені түпнұсқа болатындай Ақаңның өз қолжазбасы әзірше табылған жоқ. Ал «Қызылорда-Ташкент нұсқасының» түпнұсқа бола алмайтыны-мәтінінде біршама техникалық қате кездеседі яғни теруде, көшіруде, басуда кеткен объективті факторлар бар. Оны ақылдаса отырып түзету-уақыт талабы.

Жүргізуші: Сонымен Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы»-әр буын қайта оралып рухани нәр алатын, ұлт өнерін дәстүрлі таныммен, білікке суарылған парасатпен байытатын еңбек. Мұны тек әдебиетші ғана емес,әлеуметтік ғылымдардың барша саласы өкілдері оқып,зерделей алады.

Жүргізуші: Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабы арқылы мынадай нәтижеге қол жеткізді;

Оқушы: Әбдікәрім Дана. Біріншіден,қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс,рухани мұра халық парасатымен,ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінің нақты мысалдармен дәлелдеді.

Екіншіден, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық,теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

Үшіншіден, өнертанудың,әдебиеттанудың қызметін айқындап, өнер мен әдебиеттің қоғамдағы мақсат-міндетін,орнын дәйектеді.

Төртіншіден, өнер мен әдебиетке қатысты ана тілімізде жаңа да орайлы пән сөздерін тауып, әлемдік аяда қазақ тілінің ғылым тілі ретінде мүмкіндігіне жол ашты.

Бесіншіден,әдеби үдерісті, жеке тұлғалардың шығармашылығын, рухани мұраның әдебиет тарихындағы рөлін түрлі ғылымдар ықпалдастығымен зерттеуді бастап, таптаурындыққа бармауды аманаттады.

Алтыншыдан, әлемдік ғылымдағы жүйелік,сабақтастық,шынайылық қағидатын ұстанып,қазақ әдебиеті мен фольклорына тұтас құбылыс ретінде қарай алды.

Жетіншіден,салыстырмалы талдау әдісіне иек артып, ұлт тағдырының айнасы саналатын өнері мен әдебиетінің асыл арқауын,негізгі ерекшелігі мен сипатын бағамдады.

Жүргізуші:Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы қазақ әліпбиіне, әдебиетіне салған үлестері келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек.

Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс - шара жоспарына сәйкес танымдық ғылыми - практикалық конференцияны «Әдебиет танытқыш – әлемдік құндылық» тақырыбында кітапханашы Г.Сыздықова 9–10 сынып оқушыларымен ұйымдастырды. «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға». – деп Әбіш Кекілбаев айтқанындай, әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдардың бірі қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған бір басында сан салалы өнер тоғысқан телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы жайлы оқушылар өз зерттеулерін ұсынды. «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегіне талдау жасап, әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған зерттеу жұмысы жайлы өз ойларын ортаға салды. «Әдебиет танытқыш» - көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыптасуының қоғам тағдыры мен талғамына қатысып, сөздің - өнерге, өнердің –пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиет пен жазу әдебиеттің ерешеліктерін ашып көрсеткендей болды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=484605973035089&id=100044570716415



